

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі

Пәні: Қазақ тілі

**Тақырыбы: Болымды және
болымсыз етістік**

3 А сынып

Сынып жетекшісі: Мусабекова

Сапаркул Алшоразовна

2022-2023 оқу жылы

Бөлім:	Атақты адамдар	
Мұғалімнің аты-жөні	Мусабекова Сапаркул	
Күні:	23.02.2023	
Сынып: 3а	Қатысушылар саны: 23	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Болымды және болымсыз етістік	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу 3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау	
Сабақтың мақсаты	Білім алушылар: сөз таптарын ажыратып, болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтай алады. Болымды, болымсыз етістіктерді қолданып сөйлемдер құрай алады.	
Бағалау критерийі	Сөз таптарын ажыратады Болымды болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтайды. Болымды болымсыз етістіктерді қолданып, сөйлемдер құрайды.	

Сабақтың барысы

Сабақтыңкезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 8 мин	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығуларымен өтеді.  Өткен тақырыпқа шолу Зат есім дегеніміз не? Негізгі және туынды зат есім дегеніміз не? Зат есімнің тәуелденуі дегеніміз не? Етістік туралы не білесің? Негізгі және туынды етістік туралы айт Тәуелдік жалғаулары неше жакта жалғанады? Жалқы және жалпы есімге мысал келтір. Сөз таптарын ата Сын есім дегеніміз не? Сан есім дегеніміз не?	Жаттығу жасайды. Сұраққа жауап береді. Әркім бір-бір мысал келтіреді.	Дескриптор: -Тақырыпқа қатысты сұраққа дұрыс жауап береді-1балл.	
Жаңа білім 15 мин	Топқа бөлінеді  Жаңа сабақ Сабақтың тақырыбы және мақсаттарымен таныстырады	1 топ 2 топ 3 топ Сабақтың тақырыбы және мақсаттарымен		Оқулық, дәптер  

	Видео «Болымды және болымсыз етістік» 28-жаттығу. Ұжымдық жұмыс Етістіктерді салыстырып оқыңдар. Олардың мағынасында қандай өзгешелік бар екеніне назар аударыңдар. жүз – жүзбе күл – күлме төк – төкпе жаз – жазба бар – барма тақ – тақпа - Қосымшалы етістіктерді көшіріп жазыңдар. Түбір мен қосымшаны Тиісті белгімен белгілендер. Анықтама:  Етістік болымды (күл, жаз) және болымсыз (күлме, жазба) болып бөлінеді. Болымсыз етістік болымды етістікке -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: ерінбе, бұзба, жүлма. 29-жаттығу. Топтық жұмыс 1 топ Мақалды жатқа айтыңдар. <i>Атаңның баласы болма,</i> <i>Адамның баласы бол.</i> 2 топ -Мақалдың мағынасын түсіндіріңдер. 3 топ -Қарамен жазылған етістіктерді салыстырып, олардың мағынасында қандай өзгешелік бар екенін айтыңдар. Сергіту сәті «Бас, нық, тізе, аяқ» 30-жаттығу. Тақтамен жұмыс Босағада тұрма көк шөпті жұлма малды теппе ақты төкпе. 31-жаттығу Шығармашылық жұмыс Ребустың шешуіндегі сөз болымсыз етістік бола ала ма? Ойларыңды дәлелдендер. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.	танысады Видео көреді Сыныппен бірге тапсырманы талдайды. Дәптерге жазады. Қойылған сұрақтарға жауап береді. Мақалдың мағынасын түсіндіреді Қарамен жазылған етістіктерді салыстырып, олардың мағынасында қандай өзгешелік бар екенін айтады Билеп сергиді. Тапсырманы орындайды. Ребус шешеді Болымсыз етістік болатындай	Дескриптор: Қосымшалы етістіктерді көшіріп жазып, түбір мен қосымшаны тиісті белгімен белгілейді -2балл. Мақалды жатқа айтады.-1балл. Мақалдың мағынасын түсіндіреді-1балл. Етістіктерді салыстырып, Болымды, болымсыз етістіктерді анықтайды -1балл. Дескриптор: Тыйым сөздердің қатесін түзеп жазады. Болымсыз етістіктерді табады 1-балл Дескриптор: Ребустың шешуіндегі сөз болымсыз етістік болатынын	Оқулық, дәптер
--	--	--	---	---

	 Топтық жұмыс. «Суреттер сөйлейді» әдісі Болымсыз етістік болатындай сөйлем құра  Жұптық жұмыс «Керме жіп» әдісі Болымды, болымсыз етістіктерді ажыратып сөмкеге сал 	сөйлем құрайды Әр суреттегі болымды етістікті болымсыз етістікке айналдырып сөйлем құрайды Болымды, болымсыз етістіктерді ажыратып сөмкеге салады.	дәлелдейді, сөйлемдер құрайды-2балл. Дескриптор: Болымсыз етістікке сөйлем құрайды 1- балл	 
Кері байланыс 5 мин	Кері байланысты «Тик Ток» әдісі арқылы береді.  Үй тапсырмасы: Ереже жаттау, болымды және болымсыз етістік қатыстырып 4 сөйлем құрау. Оқушыларды бағалау	Кері байланыс жасайды. Тапсырманы жазып алады.	ҚБ қойылады.	  

ДБСОІЖО:

Ш. Юсупова

